

*Fiero*

FR560  
ПОРТАТИВТІ  
КОЛОНКАСЫ



Пайдаланушы н с аулы ы

## Құрметті сатып алушы!

«Fiero» сауда маркасымен жасап шығарылатын өнімдерді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біз жоғары сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленген және жасап шығарылған бұйымдарды және құрылғыларды ұсынғанымызға қуаныштымыз. Пайдаланар алдында қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ осы өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты күтіп ұстаңыз және өнімді болашақта пайдаланғанда оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Портативті музыкалық ойнатқыш музыканы ойнатуға арналған, оның ішінде желілік розетка жоқ жерлерде де ойнатады.

## Сақтық шаралары

Бұл құрылғыны жылу көздеріне, қыздыру элементтеріне немесе магниттік өріс тудыратын құрылғыларға тікелей жақын жерлерде орнатпаңыз.

Құрылғыны ылғал, жаңбыр және тікелей күн сәулесі әсерінен қорғаңыз.

Құрылғыны суға батырмаңыз, оны су көзіне тікелей жақын жерлерде пайдаланғанда абай болыңыз.

Құрылғыны құлаудан, соққылардан, селкілдеуден қорғаңыз.

Құрылғының бұзылмауы және пайдаланушының денсаулығына зиян келмеуі үшін құрылғы корпусының ішіне бөгде заттардың кірмеуін қадағалаңыз.

Ашық жалын көздерін құрылғының жанына немесе тікелей оның корпусына қоймаңыз.

Құрылғыны тұрақсыз және тегіс емес беттерге қоймаңыз.

Құрылғыға рұқсат етілмеген манипуляциялар жасау (түрлендіру, жөндеу т.б.) құрылғыға және денсаулығыңызға зиян келтіруі мүмкін. Бұл құрылғыда пайдаланушы қызмет көрсететін ішкі элементтер жоқ.

Құрылғының дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін желдету саңылауларын жаппаңыз. Аспапты жұмсақ беттерге (диван, кресло, кілемше және т.б.) орналастырған кезде ауа айналымын қамтамасыз етіңіз.

Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз.

Құрылғыны балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және пайдаланыңыз.

Құрылғыны жерге құлағаннан кейін, сондай-ақ аспаптың көзге көрінетін зақымдануы болған кезде пайдаланбаңыз. Өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

Құрылғының жұмысында кез келген ақаулар анықталса, оны

дереу өшіріп, өкілетті сервистік орталыққа хабарласуға кеңес беріледі.

Құрылғы күтімі үшін құрамында бензол бар заттарды, спирттерді, еріткіштерді, т. б. қолданбаңыз, себебі олар құрылғыны, сондай-ақ оның боялған бетін бүлдіруі мүмкін. Құрылғыны тазарту үшін тек құрғақ жұмсақ (аздап ылғалданған) шүберекті пайдаланыңыз.

Музыканы дыбысын қатты қойып тыңдау есту қабілетіңізге зиян келтіруі мүмкін.

## **Аккумулятор батареясымен (Li-pol/Li-ion) жұмыс істеу бойынша кеңестер**

### **Батареяның табиғи тозуы**

Құрылғыны ұзақ уақыт сақтау және пайдалану кезінде ол аккумулятор батареясы (АКБ) заряды мен сыйымдылығын жоғалтуға бейім болады. Құрылғыны пайдалану кезінде 300 заряд-разряд циклінен кейін (құрылғыны шамамен бір жыл пайдалану) батарея сыйымдылығының номиналды сыйымдылықтың 80%-на дейін төмендеуі мүмкіндігін күтуге болады. АКБ сыйымдылығы 400 заряд-разряд циклінен кейін номиналды сыйымдылықтың 60%-на дейін төмендеуі мүмкін.

Сыйымдылықтың көрсетілген шектерде және уақыт кезеңдерінде ішінара төмендеуі – бұл ақаулық болып табылмайтын АКБ табиғи тозуы.

АКБ қуатын құрылғыдан бөлек сақталған жағдайда да жоғалтады. Өздігінен разрядталу айына шамамен 5% құрайды. АКБ құрылымы бойынша ұзақ пайдалануға жарамайды және пайдаланылу-пайдаланылмауына қарамастан үнемі жұмысы төмендейді. Температура неғұрлым жоғары болса және қуат мөлшері 40%-ға тең болуы қажет «оңтайлы» (сақталуы тұрғысынан) шарадан неғұрлым алшақтаса, бұл төмендеу соғұрлым қарқынды болады. Басқаша айтқанда, егер АКБ пайдаланылмаса, онда оның қуатын 40-50% деңгейінде ұстаған жөн.

Аккумулятор батареясының зарядталу-разрядталу қабілеті оған кіріктірілген контроллер арқылы басқарылады. Заряд пен разряд токтары шектеулі болғандықтан сыртқы зарядтағыш құрылғыларда түпнұсқа жиынтыққа кірмейтін «жылдам зарядтаудың» мәжбүрлі режимдерін қолдануға болмайды.

АКБ-да «жады әсері» деп аталатын мүмкіндік жоқ. Батареяны разрядтауды/зарядтауды кез-келген деңгейден бастауға болады. Көптеген құрылғыларда заряд-разряд дәрежесі бойынша шектеу қойылған — мысалы, заряд 90%-дан асса, контроллер АКБ-ны зарядтауға жол бермеуі мүмкін. Сондай-ақ ол батареяның толығымен разрядталуына мүмкіндік бермей, элементтерінің істен

шығуына кедергі болады («терең зарядтау» әсерінен). Егер АКБ разрядталған күйде 2 апта немесе одан ұзақ тұрса, оның элементтерінде сыйымдылықты жоғалтудың қайтымсыз процесі жүріп, оның салдарынан АКБ-ның өзі істен шығады.

Егер құрылғы батареясының заряды таусылған және ол біраз уақыт пайдаланылмаған болса, онда құрылғының жұмысын қалпына келтірмес бұрын оны зарядтағышқа 1-2 сағаттай қосып қою керек.

### **Тек түпнұсқалы керек-жарақтарын пайдаланыңыз**

Зарядтау құрылғысының тиісті ағытпада тұрғанын тексеріңіз. Әйтпесе құрылғы зарядталмайды. Желідегі кернеу деңгейі мен қуат зарядтау құрылғысының номиналды кернеуі мен қуатына сәйкестігін тексеріңіз.

### **Температура режимін сақтаңыз**

Батареяларды зарядталған күйде +15 °C... + 35 °C аралығындағы температурада сақтау керек. Батареялар қоршаған ортаның өте жоғары (+50 °C-тан жоғары) және өте төмен (-30 °C-тан төмен) температурасында ұзақ уақыт пайдалануға жарамайды. Құрылғыға тікелей күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз, сондай-ақ оны электр қыздырғыштары сияқты жылу көздеріне тікелей жақын жерде қалдырмаңыз.

### **АКБ-ны бөлшектемеңіз, өртемеңіз, зақымдалу белгілері болғанда пайдаланбаңыз**

АКБ-ны ешбір жағдайда өз бетіңізше бөлшектемеңіз және олардың элементтерін зарядтамаңыз, мұны білікті мамандар жасауы керек. Элементтерді тесу немесе жаншу арты өрт пен жарылысқа апаратын ішкі қысқа тұйықталуға әкелуі мүмкін. АКБ корпусының тұтастығы бұзылғанда элементтің ішіне су кіруі немесе атмосфералық ылғал конденсациялануы мүмкін, оның салдарынан сутегі бөліне жүретін реакция орын алып, өрт шығуы мүмкін. Бүлінген АКБ адам денсаулығына зиянды заттарды шығарады.

АКБ қалыпты режимде жұмыс істемейтін болса, қандай да бір себеппен деформацияланған болса (ісінген, тартылған және т. б.), дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** іс жүзіндегі жұмыс істеу уақыты көрсетілген уақытпен сәйкес болмауы мүмкін. АКБ-ның зарядтау циклдерінің саны шектеулі және белгілі бір уақыттан кейін оны ауыстыру қажет болуы мүмкін (АКБ-ның шектеулі кепілдік шарттарын кепілдік талонынан қараңыз). Батареяның жұмыс істеу уақыты пайдалану режимі мен параметрлерге байланысты.


## **Батарея оңтайлы жұмыс істеуі үшін келесі ережелерді сақтаңыз:**

- Батареяны алып шығар алдында құрылғыны өшіріңіз.
- Батарея жаңа болса немесе ұзақ уақыт пайдаланылмаса, зарядтауға әдеттегіден ұзағырақ уақыт жұмсалуды мүмкін. Батарея қуаты құрылғыны іске қосуға жеткіліксіз болса, батареяны ұзағырақ зарядтаңыз.
- Батареяны бөлме температурасында зарядтаңыз.
- Батареядан жағымсыз иіс шықса немесе ол қызып кетсе, оны зарядтауды дереу тоқтатыңыз.

## **Техникалық сипаттамалары**









- Модель: FR560.
  - Bluetooth нұсқасы: 5.0 + EDR.
  - Bluetooth профильдері: A2DP, AVRCP, HFP, HSP.
  - Сымсыз байланыс стандарты: IEEE 802.15.2.
  - Сымсыз жиілік диапазоны: 2402—2480 МГц.
  - Таратқыштың қуаты: 2,5 мВт.
  - Bluetooth әсер ету радиусы: 10 м.
  - Ылғалдан қорғалу дәрежесі: IPX5.
  - Автономды жұмыс істеу уақыты:
    - Көмескі жарықсыз: 6 сағатқа дейін\*;
    - Көмескі жарықпен: 4,5 сағатқа дейін\*.
  - Зарядталу уақыты: 3 сағатқа дейін.
  - Динамиктер: 20 Вт x 2.
  - Жиілік ауқымы: 80 Гц – 12 кГц.
  - THD: ≤ 10 %.
  - «Сигнал/шу» қатынасы: ≥ 82 дБ.
  - TWS функциясын қолдау.
  - Сызықтық AUX кірісі.
  - Қоңырауға жауап беруге арналған кіріктірілген микрофон.
  - Аудиофайлдарды TF / Micro SD жады карталарынан ойнату.
  - Оқылатын жадының максималды көлемі: 32 Гб.
  - Көмескі жарық режимдерінің саны: 9.
  - Қуат көзі: 5 В, 2 А.
  - Кіріктірілген аккумулятор: 7,4 В / 2500 мА·сағ.
  - Жиынтықтамасы: портативті колонкасы, USB – Type C зарядтауға арналған кабелі, пайдаланушы нұсқаулығы.
  - Құрылғы өлшемдері: 345x155x195 мм
- \* Ойнату уақыты дыбыс қаттылығы мен музыка сапасына байланысты.

## Құрылғының сұлбасы





1. Көмескі жарық режимдерін ауыстырып қосу батырмасы.
2. «Дыбыс деңгейін төмендету» батырмасы.
3. «Дыбыс деңгейін арттыру» батырмасы.
4. «Ойнату / Пауза» батырмасы.
5. «Алдыңғы трек / Микрофонның дыбысын азайту» батырмасы.
6. «Келесі трек / Микрофонның дыбысын ұлғайту» батырмасы.
7. Қуат көзін қосу/өшіру батырмасы.
8. Құрылғыны қалпына келтіру тесігі.
9. TF/Micro SD жады картасының ұясы.
10. Сыртқы медиаға арналған USB A ағытпасы.
11. Type-C зарядтауға арналған порты.
12. Зарядтауға арналған индикатор.
13. Сызықтық AUX кірісі.
14. Микрофонға арналған ағытпа.

## Ойнатуды басқару

- Қосу:  қуат көзі түймесін басып тұрыңыз, дыбыстық сигнал беріледі, динамиктердің көмескі жарығы қосылып, жарық индикаторы жыпылықтай бастайды Құрылғыны Bluetooth режимінде қосқанда, жарық индикаторы жыпылықтамай жанып тұрады.
- Қосу:  қуат көзі түймесін басып тұрыңыз, дыбыстық сигнал беріледі, жарық индикаторы өшеді.
- Дыбыс деңгейін  түймесін қысқа басулар арқылы қажетті деңгейге келгенше азайтыңыз.
- Дыбыс деңгейін  түймесін қысқа басулар арқылы қажетті деңгейге жеткенше арттырыңыз.
- Алдыңғы трек:  түймесін басып тұрыңыз.
- Келесі трек:  түймесін басып тұрыңыз.
- Ойнату/Кідірту:  түймесін басыңыз.
- Bluetooth > AUX-IN > MicroSD режимдерін ауыстыру: қуат көзі түймесін бір рет басу.
- AUX кабелін қосқанда құрылғы автоматты түрде AUX-IN режиміне өтеді.
- MicroSD картасын қосқанда құрылғы автоматты түрде Micro SD режиміне өтеді.
- Басқа режимге қолмен қосу үшін  қуат көзі түймесін басыңыз.



**Ескертпе:** ешбір әрекет жасалмаса, құрылғы 10 минуттан кейін автоматты түрде өшеді.

## Көмескі жарықты басқару

- Көмескі жарықтың тоғыз режимі арасында ауысу үшін  түймесін басыңыз.
- Көмескі жарықты қосу/өшіру үшін  түймесін екі рет басыңыз.

## Работа с микрофоном


Подключив микрофон к колонке, Вы сможете петь под аккомпанемент вместе с исполнителем или вместо солиста.

1. Вставьте коннектор микрофона в соответствующий разъем на устройстве.
2. Регулируйте громкость микрофона клавишами  и  на панели управления устройства.
3. Для окончания работы с микрофоном достаточно извлечь его из устройства.

## Құрылғыны зарядтау





Алғашқы қолданар алдында құрылғыны толығымен зарядтаңыз. Батарея зарядының деңгейі < 3 % болғанда, құрылғы автоматты түрде өшеді. Құрылғыны зарядтау үшін жинақпен жеткізілген Түре-С кабелін пайдаланыңыз. Батареяның ұзақ қызмет ету үшін құрылғыны кем дегенде 45 күн сайын толығымен зарядтаңыз.

## Bluetooth арқылы жұптасу

- Колонканың Bluetooth құрылғысы көзінің әсері ауқымында екеніне көз жеткізіңіз.
- «Fiero» колонкаңызды қосыңыз. Құрылғы Bluetooth арқылы жұптасуын күту режиміне өтеді және жарық индикаторы көк түспен жыпылықтай бастайды.
- Құрылғы көзден Bluetooth функциясын қосып, қол жетімді байланыстар тізімінен Fiero FR560 таңдаңыз. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
- Жұптау аяқталғаннан кейін жарық индикаторы жыпылықтамай көкшіл түспен жанады.
- Құрылғымен жұпсыздандыру үшін  түймесін басып тұрыңыз, индикатор шамы тез жыпылықтай бастайды.

**Ескерту:** қосылған кезде колонка оған соңғы қосылған құрылғымен Bluetooth байланысын автоматты түрде жасайды (бұл колонка 8 құрылғыны есте сақтай алады).

## Bluetooth режимінде қоңырауларды басқару

- Кіріс қоңырауға жауап беру:  түймесін бір рет басыңыз.
- Қоңырауды қабылдамау:  түймесін басып тұрыңыз.
- Қоңырауды аяқтау:  түймесін бір рет басыңыз.
- Соңғы терілген нөмірге қоңырау шалу:  түймесін екі рет басыңыз.



## AUX-IN желілік кірісі

- Колонканы қосып, оған мобильді құрылғыңызды AUX кабелі арқылы қосыңыз.
- Кабельді қосқанда құрылғы автоматты түрде AUX режиміне өтеді.
- Сигнал көзі құрылғысында ойнатуды басқарыңыз.

## TWS функциясы (TrueWireless Stereo)

TWS технологиясы стереодыбыс эффектісі бар сымсыз қос арналы жүйені құру үшін Bluetooth жұптастырылған екі бағанасын пайдалануға мүмкіндік береді.



1. TWS қосылымын жасау үшін Bluetooth сигналының ауқымында екі бағананы орналастырыңыз.
2. Екі бағананы да қосыңыз, құрылғылардың біріндегі  батырмасын үш секунд ұстап тұрыңыз. Бұл құрылғы жұптағы жетекші құрылғы болады.
3. Құрылғыларды LED жарықтандыру синхрондалады, құрылғыларды жұптастыру автоматты түрде жасалады. Екінші баған бағынышты құрылғы» ретінде анықталады және оң жақ дыбыстық арна болады.
4. Жұптау аяқталғаннан кейін LED жарықтандыру құрылғылары синхронды болмайды.
5. Қосылымды үзу үшін  түймесін үш секунд басып тұрыңыз.

## Құрылғы жүйесін қалпына келтіру

Құрылғы түймелерді басуға жауап бермесе, зарядтау кабелін ажыратып, инені (диаметрі 3 мм-ден аспайды) жарық индикаторы сөнгенше жүйені қалпына келтіру тесігіне салыңыз.

## Судан қорғау

Бұл құрылғы IPX5 су өткізбеушілік стандартына сәйкес келеді. Осы су өткізбеушілік стандартқа жауап беретін өнім кез келген осындай жағдайлардан қорғалған: жаңбыр тамшылары мен су ағыны колонкаға зиянды әсер етпейді, сонымен қатар құрылғы шаң өткізбейді және оны суға біраз уақытқа (шартты түрде 1 метрге дейінгі тереңдікте 30 минутқа) батыруға болады.

МАҢЫЗДЫ: құрылғыны ықтимал су әсері болатын ортада пайдаланар алдында құрылғыға қосылған барлық кабельдерді ажыратыңыз, сондай-ақ ағытпа бітегіштерінің мықтап жабылғанын тексеріңіз.

## Ықтимал мәселелер және олардың шешімдері

Мәселе	Ықтимал шешімі
Құрылғы қосылмайды.	Акумулятор зарядының деңгейі төмен.
Колонка Bluetooth құрылғысына қосылмайды.	Қосылатын құрылғының A2DP профилін қолдайтынына көз жеткізіңіз.
	Құрылғының Bluetooth сигналының әсері бар радиуста тұрғанына көз жеткізіңіз.
	Колонканың жұптасу режимінде тұрғанын тексеріңіз (жарық индикаторы көкшіл түспен жанады).
Дыбыс шықпайды.	Екі құрылғының да дыбыс деңгейін тексеріңіз.
	Колонканың құрылғыға қосылғанына көз жеткізіңіз (индикатор көкшіл түспен жанады).
Нашар дыбыс сапасы.	Құрылғыны колонкаға жақын орналастырыңыз, ықтимал кедергілерді алып тастаңыз.

Жоғарыда сипатталған әрекеттер мәселені шеше алмаса, өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз.

## Монтаждау, сақтау, тасымалдау (көлікпен), сату және кәдеге жарату ережелері және шарттары

Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.

Құрылғыны өндірушінің және тұтынушының жылытылатын тұрғын-жайларында өндірушінің қаптамасында 5 °C... 40 °C аралығындағы температурада және 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта сақтау керек. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.

Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау керек.

Құрылғы мұқият күтім жасауды қажет етеді, оны шаңның, ластың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсерінен сақтаңыз.

Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.

Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Бұл бұйымды кәдеге жарату қалдықтарды қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Өнімдерді кәдеге жарату қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына ықтимал зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Құрылғыда ақаулық анықталған жағдайда дереу өкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

Өндіруші: Хуэйчжоу Шэнькэсиньфэй Тэкнолоджи Ко., Лтд.  
С-ғимараты, Танся ауд., Чаньцзин ауылы, Синьсюй, Хуэйян  
ауд., Хуэйчжоу қ., Гуандун провинциясы, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии  
в Казахстане: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан,  
р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстанда шағымдар қабылдайтын заңды  
тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан  
қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12,  
Қазақстан.

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 020/2011 ЕАЭО ТР  
«Техникалық құралдардың электрмагниттік сәйкестілігі» тех-  
никалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді;

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың 037/2016 ЕАЭО ТР  
«Электр техникасы және радиоэлектроника бұйымдарында  
қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы» техникалық  
регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпа-  
рат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз  
өзгертілуі мүмкін.

## Кепілдік талоны

SN: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз  
жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдар мен жинақтарда  
ақаулардың болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі  
өнімді сатып алған сәттен бастап саналады және тек жаңа  
өнімдерге қолданылады.

Кепілдік қызмет көрсету пайдаланушының нұсқаулығына  
сәйкес өнімді пайдалану шартымен кепілдік мерзімі ішінде  
тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін  
жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді  
жөндеу және айырбастау уәкілетті сервистік орталықтардың  
аумағында жүргізіледі.

Мекенжай бойынша қызмет көрсету орталықтарының өзекті  
тізімі: <https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының  
орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

